

"Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 тамыздағы № 1072 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.09.2013 № 983 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 44, 401-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімінде: реттік нөмірлері 17 және 18-жолдардың 3-бағанындағы «және заңды» деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 40-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын: «Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алу»;

реттік нөмірі 41-жолдың 5 және 6-бағандары мынадай редакцияда жазылсын:

«Әділетминің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті»;

реттік нөмірі 53-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

« Заңды тұлғалар » ;

реттік нөмірі 60-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге (импорттаушыларға), сондай-ақ акцизделетін өнімдерді, авиациялық отын мен мазуттың кейбір түрлерін өндірушілер мен импорттаушылардың тауарларына жеке сәйкестендіру нөмірін (Ж С Н - код) беру » ;

реттік нөмірі 61-жолдың 6-бағаны «, ХҚО» деген аббревиатурамен толықтырылсын ;

реттік нөмірі 63-жолда :

2-баған мынадай редакцияда жазылсын:

«Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе)

ғылыми реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу»;

6-баған «, ХҚО» деген аббревиатурамен толықтырылсын;

7-бағандағы «, қағаз» деген сөз алынып тасталсын;

реттік нөмірі 93-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

«З а ң д ы т ұ л ғ а л а р » ;

5 және 6-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

«ИЖТМ Техникалық реттеу және метрология комитеті»;

реттік нөмірлері 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 126, 127, 184 және 185-жолдардың 6-бағаны «, ХҚО» деген аббревиатурамен толықтырылсын;

реттік нөмірі 212-жолдың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Қағаз түрінде (тіркелген келісімшарт)»;

реттік нөмірлері 215, 216 және 250-жолдардың 6-бағаны «, ХҚО» деген аббревиатурамен толықтырылсын;

реттік нөмірі 220-жолдың 5 және 6-бағандары мынадай редакцияда жазылсын

:

«ИЖТМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің аумақтық б ө л і м ш е л е р і » ;

реттік нөмірі 233-жолда:

2-баған мынадай редакцияда жазылсын:

«Тау-кен, химия өндірістерін жобалау (технологиялық және (немесе) пайдалану (барлау, пайдалы қазбаларды өндіру) жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру»;

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

«Электронды, қағаз түрінде (лицензия)»;

реттік нөмірлері 234, 235, 236, 237, 238, 239, 240 және 241-жолдардың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Электронды, қағаз түрінде (лицензия)»;

реттік нөмірі 245-жолдың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Қағаз түрінде (тіркелген келісімшарт)»;

реттік нөмірі 251-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Көмірсутегі шикізатына және кең таралған пайдалы қазбаларға арналған келісімшарттарды қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша тарату қорын пайдалануға рұқсат беру»;

реттік нөмірі 276-жолдың 6-бағаны «, ХҚО» деген аббревиатурамен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 323-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Салық есептілігін беруді тоқтата тұру (ұзарту, қалпына келтіру)»;

реттік нөмірі 328-жолдың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:
 «Электронды, қағаз түрінде (хабарлама)»;
 реттік нөмірлері 335, 336 және 337-жолдарда:
 6-баған «, ХҚО» деген аббревиатурамен толықтырылсын;
 7-баған мынадай редакцияда жазылсын:
 «Электронды, қағаз түрінде»;
 реттік нөмірлері 338 және 339-жолдардың 7-бағаны мынадай редакцияда
 ж а з ы л с ы н :

«Электронды, қағаз түрінде (лицензия)»;
 реттік нөмірі 339-жолда:
 5-баған мынадай редакцияда жазылсын:
 « С Д Ш І А » ;
 6-баған мынадай редакцияда жазылсын:
 « Х Қ О , С Д Ш І А » ;
 реттік нөмірі 340-жолдың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:
 «Электронды, қағаз түрінде (рұқсат)»;
 реттік нөмірлері 341, 342 және 347-жолдардың 6-бағаны «, ХҚО» деген
 аббревиатурамен толықтырылсын;
 реттік нөмірлері 341 және 342-жолдардың 7-бағаны мынадай редакцияда
 ж а з ы л с ы н :

«Электронды, қағаз түрінде (лицензия)»;
 мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 462-1, 462-2 және 462-3-жолдармен
 толықтырылсын:

«

462-1	Теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу	Жеке және заңды тұлғалар	Мәдениетмині	Мәдениетминінің Ақпарат және мұрағаттар комитеті	Мәдениетминінің Ақпарат және мұрағаттар комитеті	Электронды түрінде (лицензия)
462-2	Отандық теле-, радиоарналарды есепке қою, қайта есепке қою	Жеке және заңды тұлғалар	Мәдениетмині	Мәдениетминінің Ақпарат және мұрағаттар комитеті	Мәдениетминінің Ақпарат және мұрағаттар комитеті	Қағаз түрінде (куәлік)
462-3	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік теле-, радиоарналарды есепке қою, қайта есепке қою	Жеке және заңды тұлғалар	Мәдениетмині	Мәдениетминінің Ақпарат және мұрағаттар комитеті	Мәдениетминінің Ақпарат және мұрағаттар комитеті	Қағаз түрінде (куәлік)

»;

реттік нөмірлері 467, 468, 469, 470, 471, 472, 497, 498, 499, 500, 501, 518, 519, 520, 524, 533 және 534-жолдардың 6-бағаны «, ХҚО» деген аббревиатурамен
 т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК